

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 323 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 шілдеде № 11724 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 20.03.2023 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-46) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫШ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 20.03.2023 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 20.03.2023 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықтың заңнамада бекітілген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күннің ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және

даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е.А. Досаев _____

2015 жылғы 22 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылық министрі

А. С. Мамытбеков _____

2015 жылғы 22 мамыр

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің міндетін

атқарушының

2015 жылғы 26 наурыздагы

№ 323 бұйрығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару қағидалары

Ескерту. Қафіда жаңа редакцияда - КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 20.03.2023 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі – ИКАО) стандарттарын және ұсынымдарын ескере отырып, "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзірленді, Қазақстан Республикасында азаматтық әуе кемелерінің ұшы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару тәртібін айқындайды.

2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) сертификаттық зерттең-қарау және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді үнемі қадағалау шенберінде әуеайлақ пайдаланушыларының әуеайлақта және оған іргелес аумақта азаматтық әуе кемелерінің ұшы үшін құстар мен өзге де жануарлар құратын қауіптерді басқару бағдарламаларын әзірлеуін және іске асыруын бақылауды жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында азаматтық әуе кемелерінің (бұдан әрі – ӘК) құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысу ықтималдығын төмендету мақсатында уәкілетті ұйымның жанынан Қазақстан Республикасында азаматтық ӘК ұшы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын проблемалар жөніндегі кеңес (бұдан әрі – кеңес) құрылады.

4. Кеңестің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасында азаматтық ӘК ұшы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару мәселелері бойынша тәжірибе алмасу;

2) әуеайлақтарда және оларға іргелес аумақтарда құстар мен өзге де жануарларды бақылау саласындағы зерттеулер мен әзірлемелер туралы ақпарат жинау және алмасу;

3) халықаралық стандарттарға негізделген Қазақстан Республикасында азаматтық ӘК ұшы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу;

4) жаңа технологияларды ескере отырып, құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі персоналды даярлау стандарттарын талқылау;

5) азаматтық ӘК құстармен мен өзге де жануарлармен соқтығысу жағдайлары туралы ақпарат алмасу болып табылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Кеңес құрамына құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару саласындағы сарапшылар, сондай-ақ:

1) уәкілетті ұйымдардың өкілдері;

2) әуеайлақтарды пайдаланушылар;

3) ӘК пайдаланушылары;

4) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің;

5) авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тергеп-тексеру жөніндегі өкілетті органның өкілдері кіреді.

6. Кеңестің қатысушыларының құрамы, функциялары мен жұмыс тәртібі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым басшысының бұйрығымен белгіленеді.

7. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару мынадай процестерді қамтиды:

1) әуеайлақ пайдаланушысының ұйымдастыру құрылымдарын құруды, барлық мұдделі тараптардың рөлі мен міндеттерін айқындауды, тәуекелдерді бағалауды жүргізуді, деректерді жинауды және ақпаратты талдауды, ақпарат алмасуды қоса алғанда, құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі қызметті ұйымдастыруы;

2) азаматтық ӘК-нің құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысу қаупін азайту;

3) әуеайлақ аумағында және оған іргелес аумақта құстар мен өзге де жануарлардың шоғырлануына ықпал ететін жағдайларды болдырмау мақсатында мекендеу ортасын басқару.

8. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) авиациялық орнитология – құстардың фаунистикасын, морфологиясын, этологиясын, экологиясын, оның ішінде мінез-құлық экологиясын, көші-қонын зерттеумен, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, сондай-ақ әуе кемелерінің құстармен соқтығысу ықтималдығын төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеумен және жүзеге асырумен айналысатын жалпы орнитологияның қолданбалы пәні;

2) әуеайлақ – ӘК-нің осы беті бойынша толық немесе ішінара келуіне, жөнелтілуіне және жүруіне арналған жер немесе су бетінің (ғимараттарды, құрылыштар мен жабдықтарды қоса алғанда) белгілі бір участесі;

3) әуеайлақтың бақылау нұктесі – әуеайлақтың географиялық орналасуын айқындайтын нұкте (бұдан әрі – ӘБН);

4) әуе кемесі – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен өзара іс-қимылды болдырмай, оның ауамен өзара іс-қимылды есебінен атмосферада ұсталатын аппарат;

5) әуеайлаққа іргелес аумақ (бұдан әрі – іргелес аумақ) – ӘБН-нен 13 шақырым радиуста әуеайлақ шекарасынан тыс аумақ;

6) күрделі орнитологиялық жағдай – ӘК-нің құстармен соқтығысу қаупі едәуір болатын, әсіресе құстардың ӘК-нің қозғалыс траекторияларын жиі және қауіпті кесіп өтуімен байланысты орнитологиялық жағдай;

7) құстар отары – үйлесімді мінез-құлықты көрсететін жалпы тіршілік кеңістігі бар дарақтар жиынтығы;

8) құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіп – ӘК-не зақым келтіруі мүмкін құстар мен өзге де жануарлардың болуы;

9) құстардың жаппай жиналуы – күрделі орнитологиялық жағдай туғызатын мөлшердегі белгілі бір участекегі құстардың жиынтығы;

10) орнитологиялық жағдай – белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір аумақта жердегі, судағы және әуе кеңістігіндегі құстардың болуымен, кеңістіктік таралуымен, санымен, түрлік құрамымен және мінез-құлқымен байланысты факторлардың жиынтығы;

11) ұшуды орнитологиялық қамтамасыз ету – азаматтық ӘК-нің құстар мен өзге де жануарлармен соқтығысу ықтималдығының төмендеуі бағытталған іс-шаралар кешені.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Қолік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тaraу. Құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібі

9. Әуеайлақты пайдаланушы әуеайлақта және оған іргелес аумақта азаматтық ӘК ұшуды үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірлейді және іске асырады.

10. Бағдарламаға құстар мен өзге де табигат тудыратын тәуекелдерді бақылау, құстар мен өзге де табигатты тартатын жағдайларды жою, әуеайлақта және оған іргелес аумақта құстар мен өзге де жануарлардың болуын бақылау жөніндегі шаралары қамтиды.

Бағдарлама әуеайлақтың көлемі мен күрделілік деңгейін, ӘК операцияларының саны мен сипаттын көрсетеді және құстар мен өзге де жануарлардың болуының анықталған қауіп факторларын және осы факторларға байланысты тәуекелді бағалауды ескереді.

11. Бағдарламаның тиімділігін уәкілетті ұйым бақылау және қадағалау шеңберінде, сондай-ақ әуеайлақ пайдаланушысының оның ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (бұдан әрі – ҰҚБЖ) шеңберінде жыл сайынғы ішкі аудиттерінің, ӘК пайдаланушылары, тәуелсіз мамандандырылған ұйымдар жүргізетін аудиттердің нәтижелері бойынша бағалайды.

Әуеайлақты пайдаланушы ӘК-нің құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысу қаупімен байланысты ұшу қауіпсіздігі тиімділігінің көрсеткіштеріне бағалау жүргізеді, нысаналы мәндерді белгілейді және оларды қолданыстағы ҰҚБЖ шеңберінде уәкілетті ұйыммен келіседі.

Тиімділік көрсеткіштері өлшенеді - бастапқы немесе қайталама.

Бастапқы көрсеткіштер бұрын болған оқиғаларды бағалайды, мысалы, ӘК-нің саны бойынша құстар мен өзге де жануарлармен соқтығысу саны, зақымдануға әкелген немесе ұшуға әсер еткен соқтығысулардың пайызы.

Қайталама бағдарламаның тиімділік деңгейін жоғарылату немесе ұстап тұру үшін қабылданатын процестер мен шараларды өлшейді.

Қайталама көрсеткіштер нақты нәтижеге әкелетін немесе ықпал ететін жағдайларды мониторингтеу және өлшеу үшін пайдаланылады, мысалы, әуеайлақта құстар мен өзге де жануарлардың болуы, құстар мен өзге де жануарларды Байқау туралы жазбаларды жүргізуінде толықтыры, ӘК-нің құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысусы туралы есептер жүйесі.

12. Бағдарлама құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптер сипатындағы өзгерістер кезінде (мысалы, жерді пайдаланудағы жоспарланатын өзгерістер, ӘК-нің құстармен немесе өзге де жануарлармен елеулі соқтығысу жағдайлары, құстар мен өзге де жануарлардың жаңа түрлерінің пайда болуы), бірақ жылына кемінде бір рет қайта қаралады.

13. Бағдарлама ICAO Doc 9981 PANS- Өуеайлағының II бөлігінде баяндалған ережелерге негізделеді және оны әзірлеу кезінде ICAO Doc 9137 Өуежай қызметтері жөніндегі нұсқаулықтың 3-бөлігінде ұсынылған қосымша нұсқаулық материал, уәкілетті ұйым ұсынатын нұсқаулық материал пайдаланылады.

Бағдарлама мынадай элементтерді қамтиды:

- 1) Бағдарлама құрылымының сипаттамасы;
- 2) бағдарламаға қатысатын персоналдың ұйымдық құрылымы, рөлі мен мақсаты, оның міндеттері мен жауапкершілігі;
- 3) бақыланатын құстар мен өзге де жануарлар туралы деректерді жинау, тіркеу және беру, ӘК құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысу жағдайлары, қалдықтарды сәйкестендіру, деректерді талдау рәсімдері;
- 4) құстар мен өзге де жануарлар құратын ұшу қауіпсіздігі, ӘК-нің құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысуы саласындағы тәуекелдерді бағалау әдістемесі мен рәсімдері, олардың басымдығын ескере отырып, тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді қоса алғанда;
- 5) әуеайлақта және оған іргелес аумақта мекендеу ортасы мен жерді пайдалануды басқару және бақылау үшін осы деректерді талдауға негізделген рәсімдер, құралдар мен персонал әуеайлақтың ӘБН-нен 13 шақырым дейін;
- 6) қауіп төндіретін құстарды және өзге де жануарларды жоюға және үркіту рәсімдері, құралдары мен персонаалы;
- 7) ішкі (әуеайлақ пайдаланушысының қызметтері) және сыртқы (ӘК пайдаланушылары, аэронавигациялық қызмет көрсетуді жеткізуши, әуеайлақта жұмыс істейтін ұйымдар, жергілікті атқаруыш органдар, жер иелері, фермерлер) мұдделі тараптармен іс-қимылдарды үйлестіру рәсімдері;
- 8) персоналды даярлауға қатысты рәсімдер, құралдар мен ережелер;
- 9) қауіптілікті төмендетудің қолданылатын шараларың мониторингі және олардың тиімділігін, сондай-ақ бағдарламаның тиімділігін бағалау үшін рәсімдер мен тиімділік көрсеткіштері;
- 10) құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерге байланысты әуеайлақта және іргелес аумақта ұшу қауіпсіздігінің жай-күйі туралы есептер жасау.

Ескеरту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Бағдарламада қызметкерлердің ұйымдық құрылымы мен міндеттері туралы толық сипаттайтыны:

- 1) бағдарламаны өзірлейді және енгізеді;
- 2) құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару жөніндегі құнделікті қызметті бақылайды, жиналған деректерді талдайды және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәуекелдеріне бағалау жүргізеді;
- 3) қауіп төндіретін құстар мен өзге де жануарларды жояды және/немесе қорқытады;
- 4) әуеайлақтың және оған іргелес аумақтаң белгілі бір участекерінің тартымдылығын азайту үшін тіршілік ету ортасын бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Әуеайлақтың мөлшеріне, қурделілік деңгейіне, ӘК операцияларының саны мен сипатына, әуеайлақтағы және іргелес аумақтағы орнитологиялық жағдайға байланысты әуеайлақты пайдаланушы құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі жеке қызметті ұйымдастыруды.

Әуеайлақ пайдаланушысының құрылымында құстарды және өзге де жануарларды бақылау жөніндегі штаттық мамандарды қамтитын құстарды және өзге де жануарларды бақылау қызметі болған кезде осы қызметтің басшысы бағдарламаны іске асыруды және құнделікті бақылауды (үйлестіруді) жүзеге асырады.

Құстарды және өзге де жануарларды бақылау жөніндегі қызмет болмаған кезде бағдарламаны іске асыруды және құнделікті бақылауды (үйлестіруді) құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі штаттық маман орындауды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Бағдарламаны іске асыру шенберінде құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі штаттық маман:

- 1) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Бағдарламаның іс-шараларын жалпы ұйымдастыруды және үйлестіруді;
- 2) құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіп мәселелері бойынша әуеайлақ қызметтері арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыруды;
- 3) әуеайлақта және оған іргелес аумақта құстар мен өзге де жануарлардың қызметін бақылауды;
- 4) құстар мен өзге де жануарларды жоюды және / немесе үркітуді;
- 5) ӘК құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысу жағдайлары бойынша әуеайлақта және іргелес аумақта тіркелген құстар мен өзге де жануарлар бойынша

деректерді жинау және талдау, тәуекелдерді бағалауды жүргізу, оларды төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, қабылданған шаралардың нәтижелерін тіркеу және олардың тиімділігіне бағалау жүргізу;

6) құстар мен өзге де жануарларды жою және / немесе үркіту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді;

7) құстар мен өзге де жануарлар үшін әуеайлақ аймақтарының тартымдылығын төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

8) құнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша бағдарламаның тиімділігін талдауды;

9) әуеайлақ пайдаланушының тиісті бөлімшелерінің басшыларына және әуеайлақ диспетчерлік пунктінің диспетчерлеріне әуеайлақтағы және оған іргелес аумақтағы құстар мен өзге де жануарлардан орнитологиялық жағдай және қауіптілік туралы ақпарат беруді;

10) әуеайлақ пайдаланушының қызметкерлерімен, әуе қозғалысы органдарының диспетчерлерімен көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдерде авиациялық орнитология бойынша сабактар мен кеңес беруді;

11) бағдарламаны әзірлеуге және енгізуге жауапты аға басшыға есептер дайындауды;

12) уәкілетті үйымға ӘК құстармен және өзге де жануарлармен соктығысу жағдайлары туралы хабарлауды;

13) мұдделі тараптармен және сыртқы үйымдармен үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Құстарды және өзге де жануарларды бақылаудың практикалық іс-шараларды орындауға әуеайлақты пайдаланушының басшысы әуеайлақ қызметінің (бұдан әрі – ӘК), авиациялық қауіпсіздік қызметінің (бұдан әрі – АҚҚ), ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекторлардың (бұдан әрі – ҰҚЖИ), ұшуларды іздестіру авариялық-құтқару қамтамасыз ету қызметінің (бұдан әрі – ҰІҚҚ) қызметкерлерін және басқа да қызметкерлерді тартады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Әуеайлақты пайдаланушы бағдарламаны әзірлеуге, іске асыруға және оның тиімділігіне жауапты, сондай-ақ әуеайлақтағы құстар мен өзге де жануарларды бақылауға қатысатын қызметкерлердің тиісті біліктілігін қамтамасыз етеді.

19. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығымен бекітілген Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламаларына

сәйкес Әуеайлақта және оған іргелес аумақта азаматтық ӘК ұшуы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын персонал (құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі аға басшы, үйлестіруші, штаттық маман) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым мақұлдаған авиациялық оқу орталықтарында бастапқы және қайта оқытудан өтеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8785 болып тіркелген).

Әуеайлақты пайдалануши дербес жұмысқа жіберер алдында және жыл сайынғы негізде құстар мен өзге де жануарлар бақылауға қатысатын мамандар мен қызметкерлерді мынадай мәселелер бойынша оқытуды қамтамасыз етеді:

1) әуеайлақтың бақыланатын аймағында көлік құралын жүргізу қағидалары мен практикасы;

2) әуеайлақтың бақыланатын аймағында жаяу жүру орын ауыстыру;

3) әуеайлақ сызбасы;

4) әуеайлақтың жұмыс алаңында радиобайланыс жүргізу қағидалары және практикасы;

5) әуеайлақтағы белгілер мен таңбалашу;

6) радионавигациялық құралдардың әрекет ету ауданында орын ауыстыруын шектеу;

7) әуеайлақтағы қауіпсіздік талаптары;

8) ұшу-қону жолағына (бұдан әрі – ҮҚЖ) рұқсатсыз шығу мәселелері бойынша дайындық;

9) әуеайлақта шектеулі көріну жағдайында жұмыс рәсімдері.

Әуеайлақты пайдалануши құстар мен өзге де жануарлар бақылау жөніндегі мамандарды даярлауды растайтын жазбалардың болуын, сақталуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.

20. Жылдың көктемгі және күзгі кезеңдері алдында құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі штаттық маман осы Қағидалардың 17-тармағында аталған ӘҚҚ диспетчерлері мен әуеайлақты пайдаланушысының басқа да қызметкерлері үшін сабактар өткізеді.

21. Сабактар әуеайлақ пайдаланушысының басшысы бекітетін бағдарлама негізінде өткізіледі.

Сабактарда мынадай сұрақтар зерттеледі:

1) құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды регламенттейтін әуеайлақты пайдаланушының халықаралық, ұлттық қағидалары мен рәсімдері;

2) орнитологиялық жағдайдың ерекшеліктері, әуеайлақ ауданында жылдың әртүрлі мезгілінде жануарлардың болуы (ӘК ұшуына қауіп төндіретін құстардың түрлік

құрамы, жиналу орындары және ұшудың негізгі бағыттары). Құстар мен өзге де жануарлардың соқтығысу қаупін бағалауға сәйкес ең қауіпті түрлері;

3) қорғалатын құстар мен өзге де жануарлар, тиісті нормативтік талаптар мен саясат;

4) осы әуеайлақта жыл мезгілдері, тәулік кезеңдері, биіктіктер бойынша ӘК құстар мен өзге де жануарлар соқтығысу жағдайларын бөлу;

5) әуеайлақты пайдалануышының құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару жөніндегі бағдарламасы;

6) әуеайлақ ауданындағы орнитологиялық жағдайды көзбен шолып және радиолокациялық бақылау;

7) әуеайлақта және оған іргелес аумақта құстардың және өзге де жануарлардың шоғырлануына ықпал ететін жағдайларды басқару;

8) ұшудағы экипаждардың ӘК құстар және өзге де жануарлармен соқтығысу ықтималдығы мен қаупін азайту жөніндегі іс-қимылдары;

9) әуе кемелерінің құстармен соқтығысуының салдары (материалдық залал, ұшудағы қауіпті жағдайлар).

10) құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысқаннан кейін қалдықтарды жинау рәсімдері, оларды сәйкестендіру және тиісті баяндамалар ұсыну;

11) ӘК құстар мен жануарлармен соқтығысу жағдайлары туралы баяндамалар ұсыну рәсімдері.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Әуеайлақты пайдалануши әуеайлақтың бақыланатын аймағы шегінде қызметін жүзеге асыратын, құстар мен өзге де жануарларды тікелей бақылауға байланысты емес барлық персоналды оқыту бағдарламаларында мынадай тақырыптардың болуын қамтамасыз етеді:

1) әуеайлақтағы құстар мен өзге де жануарларды тартатын жағдайлар, мұндай жағдайларды болдырмаудың маңыздылығы;

2) әуеайлақта құстар мен өзге де жануарларды тартатын бөгде заттарды алып тастау немесе осында заттар туралы хабарламалар ұсыну;

3) әуеайлақта құстармен және өзге де жануарлармен байланысты кез келген оқиғалар, табылған сүйектер немесе құстарды және (немесе) өзге де жануарларды бақылаумен байланысты ақпарат беру тәртібін қамтиды.

23. Қазақстан Республикасында құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібі:

1) осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес кеңес құру;

2) құстар мен өзге де жануарлар тудыратын мәселелер бойынша әуежай комитетін құру;

3) осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес Бағдарламаның жауапты аға басшысын, үйлестірушісін тағайындау;

4) қызмет құру, құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі штаттық мамандарды тағайындау;

5) құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқаруға қатысатын персоналды оқыту;

6) ӘК-нің құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысу қаупін бағалау және қауіптілігін анықтау үшін, оның ішінде жана әуеайлақтарды жобалау кезінде әуеайлақта және оның маңында мерзімді тексерулерді орындау;

7) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға және ИКАО-ға ӘК құстармен мен өзге де жануарлармен соқтығысу жағдайлары бойынша ақпарат беру;

8) құстармен және өзге де жануарлармен шартталған әуеайлақтағы ҚР азаматтық авиациясындағы ұшу қауіпсіздігінің жай-күйі бойынша есептер;

9) құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптілікті төмендетуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерге шаралар, рәсімдер, толықтырулар әзірлеу;

10) әуеайлақ пайдаланушылардың әуеайлақта және оған іргелес аумақта азаматтық ӘК ұшуы үшін бағдарлама әзірлеу, тиісті құжаттаманы жүргізу, бағдарламалардың тиімділігін бағалау;

11) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын әуеайлақ пайдаланушысының, ӘК пайдаланушыларының, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің және басқа да мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жер иеленушілердің, фермерлердің құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді тиімді басқару үшін, азаматтық ӘК әуеайлақта және оған іргелес аумақта ұшуы үшін қызметтерінің өзара іс-қимылды.

24. Әуеайлақты пайдаланушы құстар мен өзге де жануарлар тудыратын мәселелер жөніндегі әуежай комитетін (бұдан әрі – Әуежай комитеті) құрады.

Әуежай комитетінің құрамына бағдарламаның әзірленуі мен тиімділігіне жауапты аға басшы, бағдарлама үйлестірушісі, құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі штаттық маман, ӘК, ҰІҚҚ, АҚҚ, өндірістік-диспетчерлік қызметтің (бұдан әрі – ӨДҚ), ҰҚЖИ өкілдері, сондай-ақ әуеайлақтық әуе қозғалысына қызмет көрсету органының (бұдан әрі – ӘҚҚ), ӘК пайдаланушыларының өкілдері.

25. Әуежай комитеті әуеайлақта және оған іргелес аумақта құстар мен өзге де жануарлардың соқтығысы мен мінез-құлқын байқау жағдайлары туралы жиналған деректер мен ақпаратты қарайды, құстар мен өзге де жануарлар тудыратын тәуекелдерді талдайды және құстар мен өзге де жануарларға байланысты проблемалардың салдарын азайту мақсатында үрдістерді қадағалайды, бағдарламаның тиімділігін және оны қайта қарастыру қажеттігін бағалайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Әуеайлақты пайдаланушы әуеайлақта және іргелес аумақта құстар мен өзге де жануарлардың мінез-құлқына кемінде үш жылда бір рет мерзімді тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді.

Құстар мен өзге де жануарларға қауіп төндіретін санның көбеюіне қарай зерттеулер ақпарат жинау және қауіптерді уақтылы анықтау және оларды азайту бойынша шаралар қабылдау үшін жиі жүргізіледі.

Құстар мен өзге де жануарлардың мінез-құлқына зерттеу жүргізу кезінде толық жыл қамтылады, маусымдық өзгерістер ескеріледі және күннің нақты уақыты көрсетіледі.

Зерттеу шеңберінде мыналар анықталады:

жем-шөп көздері, құстар мен өзге де жануарларды әуеайлақ аумағына және оған іргелес аумаққа тартатын су айдындары мен паналардың болуы;

өзге де жануарлар мен құстардың түрлері, олардың өмір сүру салты, құстардың қоныс аудару кезеңдері мен бағыттары, мекендеу орындары, популяцияның саны;

ӘК құстармен және өзге де жануарлармен соктығысу жағдайлары;

жабайы табиғатты бақылаудың тиімді әрекеттері және олардың басымдылығы.

Зерттеу материалдарында сондай-ақ ұшу-қону операцияларының саны, ҰҚЖ пайдаланатын және құстар мен өзге де жануарларды бақылау жөніндегі мамандар орындайтын бақылаулар негізінде құстар мен өзге де жануарлардың мінез-құлқы көрсетіледі.

Зерттеу жүргізу кезінде алдыңғы тексерулер барысында алынған зерттеу деректерін салыстыру негізінде үрдістерге талдау жүргізіледі.

Іріктеу әдістері дәйекті, жүйелі және уақыт бойынша деректерді салыстыру үшін ойай жаңғыртылатын болып табылады.

Іріктеудің мұндай әдістері әуеайлақты пайдаланушының құстар мен өзге де жануарларды күн сайынғы бақылау деректерінің нәтижелерімен сәйкес келеді.

Тексерулерді құстар мен өзге де жануарлармен жұмыс істеу бойынша қажетті білімі мен тәжірибесі бар мамандар жүргізеді.

Зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды есеп жасалады, оған әуеайлақта ұдайы кездесетін, ӘК-нің ұшуы үшін елеулі қауіп туғызатын құстар түрлерінің маусымдық және тәуліктік орын ауыстыруының негізгі жолдарының карта-схемалары, сондай-ақ диаграммалар, графиктер мен кестелер қоса беріледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Құстарды және өзге де жануарларды бақылау жөніндегі штаттық мамандар патрульдеуді жүзеге асыру кезінде құстарға және өзге де жануарларға көзбен шолып бақылау жүргізеді және осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген нысан бойынша кемінде 30 минут аралықпен әуеайлақта құстар мен өзге де жануарлардың байқалатын қызметін тіркеу журналына жазбаларды орындаиды.

Көзбен шолып байқау кезінде әуеайлақтың картасын олардың әрқайсысында құстар мен өзге де жануарларды тартатын белгілі бір біртекті жағдайлары бар жекелеген участкелерге бөле отырып пайдалану керек.

Журналдағы бақылаулар мен жазбалар негізінде құстар мен өзге де жануарларға қауіп төндіретін анықталған түрлердің болу аймақтары, болу жиілігі және орын ауыстыруының негізгі бағыттары анықталады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. ӘК-нің құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысының барлық жағдайларын әуеайлақты пайдаланушы ӘК пайдаланушыларынан, әуежайдың жерусті қызметтері қызметкерлерінен, ӘҚҚ органынан (экипаждардың баяндамалары бойынша) және басқа да мүдделі субъектілерден алынған ақпарат негізінде тіркейді.

ӘК пайдаланушылары осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес әуеайлақты пайдаланушыға ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен сапасын қамтамасыз етеді.

ӘК-нің құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысы турали хабарламаны әуеайлақты пайдаланушы осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша уәкілетті ұйымға жібереді.

Әуеайлақты пайдаланушы әуеайлақта жұмыс істейтін ұйымдармен бірлесіп, ӘК-нің құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысы турали деректерді ұсыну рәсімдерін айқындайды.

Бұл рәсімдерді әуеайлақты пайдаланушы бағдарламада құжаттайды және барлық мүдделі тараптарға жеткізіледі.

Үйлестіруші (құстарды және өзге де жануарларды бақылау жөніндегі штаттық маман) осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша ӘК-нің құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысу жағдайларын тіркеу журналын толтырады.

Уәкілетті ұйым есептерді тәуекелдерді басқарудың ақпараттық жүйесінде тіркейді, құстармен және өзге де тудыратын қауіптерді азайту шарапарының тиімділігін бағалау кезінде талдауды орындаиды және қолданады, құстармен және өзге де жануарлармен ӘК соқтығысы турали деректерді ИКАО-ға құстармен соқтығысу турали ақпарат жүйесінің (IBIS) дерекқорына енгізу үшін жібереді.

Деректерді талдау үшін ӘК-нің құспен және өзге де жануармен соқтығысқан ұшу кезеңі мен биіктігі көрсетіледі.

ӘК пайдаланушиның әуеайлақты пайдаланушинына ӘК құстар мен өзге де жануарлардың соқтығысының барлық жағдайлары туралы ақпарат жібереді:

қонуға кіру кезінде жер деңгейінен 60 метр (200 фут) биіктікте;

биіктікті алу кезінде 150 метрге (500 фут) дейін биіктікте;

тұрақ, рульдеу, ұшу кезіндегі екпін алу кезеңдері немесе қонғаннан кейінгі жүріс кезінде.

Қону кезінде 300 метр (1000 фут) – 60 метр (200 фут) биіктікте немесе биіктікке көтерілу кезінде 150 метр (500 фут) - 450 метр (1500 фут) биіктікте құстардың соқтығысы әуеайлаққа іргелес аумақта жатады, сондықтан талдау үшін әуеайлақ пайдаланушинына ақпарат беру ұсынылады.

Әуеайлаққа іргелес аумақта әуеайлақты пайдалануши құстар мен өзге де жануарларды тартатын объектілерді салу мәселелері, іргелес аумақта құстар мен өзге де жануарлар үшін тартымды ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің егістіктерін бақылауды қоса алғанда, жерді пайдалану тәртібі бойынша мемлекеттік органдармен және жер участкерінің меншік иелерімен бақылауды және өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

ӘК-нің құстармен соқтығысының барлық басқа жағдайларын ӘК пайдалануши әуеайлақ пайдаланушинын хабардар етпей тіркейді және уәкілетті ұйымға хабарланады

ӘК құстармен және өзге де жануарлармен соқтығысының барлық жағдайлары мынадай түрде жіктеледі:

- 1) ӘК құспен және өзге де жануармен соқтығысының расталған жағдайы;
- 2) ӘК құспен және өзге де жануармен соқтығысының болжамды жағдайы;
- 3) соқтығысудың алғышарты;
- 4) соқтығысуға жатпайды.

ӘК құспен немесе өзге де жануарлармен соқтығысының расталған жағдайларына мыналар жатады:

1) әкипаж ӘК-нің құстар мен өзге де жануарлармен соқтығысынан пайда болған тән иісті анық көрді, естіді немесе сезінді;

2) ұшу жолағында құстардың немесе өзге де жануарлардың қалдықтары ұшақпен соқтығысдан басқа айқын себептерсіз табылды;

3) техникалық персонал ӘК қарасты қарасты ӘК-нің құстармен немесе өзге де жануарлармен (қан, қауырсын, қалдықтар) соқтығысының дәлелдерін тапты.

ӘК құспен немесе өзге де жануарлармен соқтығысының болжамды жағдайы әкипаждың соқтығысу дыбысын естігенін, құстарды бақылағанын білдіреді.

Егер әкипаж ӘК-нің құстармен соқтығысдан жалтару жөніндегі іс-қимылдарды қабылдаған болса, онда бұл оқиға соқтығысудың алғышарты ретінде жіктеледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 31.07.2024 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

